Клиникалық зерттеулердің деректері РААЖ-не әсер ететін бір ғана препарат қолданылатын жағдайлармен салыстырғанда, АӨФ, АРА II тежегіштерін немесе алискиренді бір мезгілде қабылдау нәтижесінде РААЖ қосарлы блокадасының артериялық гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясының бұзылуы (соның ішінде жедел бүйрек жеткіліксіздігі) сияқты жағымсыз реакциялардың жиілеуі пайда болуына әкелетінін көрсетеді (4.3, 4.4 және 5.1. бөлімдерін қараңыз).

Гиперкалиемияны туындататын дәрілік заттар

Кейбір препараттар гиперкалиемияның даму қаупін арттыруы мүмкін: алискирен, калий тұздары, калий сақтайтын диуретиктер, АӨФ тежегіштері, ангиотензин II (АРА II) рецепторларының антагонистері, қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (КҚСП), гепариндер, иммунодепрессанттар (циклоспорин немесе такролимус сияқты), триметоприм және құрамында ко-тримоксазол бар дәрілік препараттар (сульфаметоксазол + триметоприм). Осы препараттардың біріктірілімі гиперкалиемия қаупін арттырады.

Бірге қолдануға болмайды

Алискирен және құрамында алискирен бар дәрілік препараттар

АӨФ тежегіштерін құрамында алискирен бар препараттармен бірге қолдану қант диабеті және/немесе бүйрек функциясының орташа немесе ауыр бұзылуы бар пациенттерде қарсы көрсетілген ШСЖ <60 мл/мин/1,73 м² дене беткейінің ауданы) (4.3-бөлімді қараңыз). Гиперкалиемия, бүйрек функциясының нашарлауы, жүрек-қантамыр аурулары мен өлім қаупі артады.

Экстракорпоральді ем

Қанның теріс зарядталған беткейлермен жанасуына әкелетін экстракорпоральді емдеу әдістері, мысалы, кейбір жоғары ағынды жарғақшаларды (мысалы, полиакрилонитрилді) қолдану арқылы диализ немесе гемофилтрация немесе декстран сульфатын қолдану арқылы ТТЛП аферезі ауыр анафилактоидты реакциялардың пайда болу қаупінің жоғарылауына байланысты қарсы болып табылады (4.3-бөлімді қараңыз). Егер пациентке экстракорпоральді ем қажет болса, диализдік жарғақшаның басқа түрін немесе гипертензияға қарсы препараттардың басқа класын пайдалану мүмкіндігін қарастыру керек.

Құрамында валсартан + сакубитрил бар біріктірілген дәрілік препараттармен бірге қолдану

Периндоприлді валсартан + сакубитрил біріктірілімімен бірге қолдануға болмайды, өйткені АӨФ тежегішін бірге қолдану аясында неприлизинді басу ангионевроздық ісінудің даму қаупін арттыруы мүмкін. Валсартан + сакубитрил біріктірілімін қолдану периндоприлдің соңғы дозасын қабылдағаннан кейін 36 сағаттан ерте емес болуы мүмкін. Периндоприлді валсартан + сакубитрил біріктірілімінің соңғы дозасын қабылдағаннан кейін 36 сағаттан ерте емес қолдануға болады (4.3 және 4.4-бөлімдерді қараңыз).

Қолдануға ұсынылмайтын біріктірілімдер

Алискирен және құрамында алискирен бар дәрілік препараттар

Қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы жоқ пациенттерде (ШСЖ <60 мл/мин/1,73 м² дене беткейінің ауданы) гиперкалиемияның даму қаупі, бүйрек функциясының нашарлауы және жүрек-қантамыр аурулары мен өлім-жітім жиілігінің жоғарылауы жоғары (4.4-бөлімді қараңыз).

АӨФ және АРА II тежегіштерімен емнің үйлесуі

Қолда бар әдеби деректер бойынша, белгіленген атеросклеротикалық ауруы, жүрек жеткіліксіздігі немесе мақсатты ағзалардың зақымдануы бар қант диабеті бар пациенттерде АӨФ және АРА II тежегіштерін бірге қолдану артериялық гипотензияның даму жиілігінің артуына, естен тануға, гиперкалиемияға және бүйрек функциясының нашарлауына (жедел бүйрек жеткіліксіздігін қоса) бір ғана препарат қолданылатын жағдайлармен салыстырғанда әкеледі, РААЖ әсер етеді. РААЖ қосарлы блокадасын қолдану (мысалы, АӨФ және АРА II тежегіштерін бір мезгілде қабылдау) бүйрек функциясын, қан плазмасындағы калий мен ақ құрамын қатаң бақылаумен бірлі-жарым жағдайлармен шектелуі тиіс (4.4-бөлімді қараңыз).

Эстрамустин

Бірге қолдану ангионевроздық ісіну (Квинке ісінуі) сияқты жағымсыз әсерлердің пайда болу қаупінің жоғарылауына әкелуі мүмкін.

Ко-тримоксазол (сульфаметоксазол + триметоприм)

Ко-тримоксазолмен (сульфаметоксазол + триметоприм) бірге қолданғанда гиперкалиемияның даму қаупі жоғарылауы мүмкін (4.4-бөлімді қараңыз).

Калий сақтайтын диуретиктер (мысалы, триамтерен, амилорид) және калий тұздары

Гиперкалиемия (өліммен аяқталуы мүмкін), әсіресе бүйрек функциясының бұзылуында (гиперкалиемиямен байланысты аддитивті әсерлер).

Периндоприлдің жоғарыда аталған препараттармен үйлесуі ұсынылмайды (4.4-бөлімді қараңыз). Егер, соған қарамастан, бірге қолдану көрсетілсе, оларды сақтық шараларын сақтай отырып және қан сарысуындағы калий құрамын тұрақты бақылай отырып қолдану керек.

СЖЖ спиронолактонды қолдану ерекшеліктері бұдан әрі мәтін бойынша сипатталған (4.5-бөлімді қараңыз., «Ерекше назар аударуды қажет ететін препараттардың үйлесімі» бөлімшесі).

Литий препараттары

Литий препараттары мен АӨФ тежегіштерін бірге қолданған кезде қан плазмасындағы литий құрамының қайтымды жоғарылауы және осыған байланысты уытты әсерлер (ауыр нейротоксикалық әсерлер) туралы хабарланды. Периндоприл мен литий препараттарын бірге қолдану ұсынылмайды. Мұндай ем жүргізу қажет болған жағдайда қан плазмасындағы литий құрамын тұрақты бақылау қажет (4.4-бөлімді қараңыз).

Ерекше назар аударуды қажет ететін препараттардың үйлесімі

Гипогликемиялық дәрілер (инсулин, сульфонилмочевина туындылары)

Эпидемиологиялық зерттеулер АӨФ тежегіштері мен гипогликемиялық дәрілерді (инсулиндер, пероральді қантты төмендететін препараттар) бірге қолдану инсулин мен гипогликемиялық дәрілердің гипогликемиялық әсерін гипогликемияның дамуына дейін күшейте алатындығын көрсетті. Бұл әсерді бірлесіп қолданудың алғашқы апталарында және бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде байқауға болады.

Калий сақтайтын диуретиктер

Диуретиктер алатын пациенттерде, әсіресе гиповолемиясы және/немесе тұз концентрациясы төмендеген пациенттерде периндоприлмен емнің басында ақ шамадан тыс төмендеуі байқалуы мүмкін, оның даму қаупін диуретикалық дәріні тоқтату, периндоприлмен емді бастар алдында сұйықтықтың немесе тұздың жоғалуын толықтыру, сондай-ақ периндоприлді төмен дозада одан әрі біртіндеп ұлғайта отырып, оны тағайындау арқылы азайтуға болады.

Гиповолемиясы бар немесе диуретиктермен емдеу аясында тұз концентрациясы төмендеген пациенттердегі АГ кезінде диуретиктер не АӨФ тежегішін қолдануды бастағанға дейін тоқтатылуы тиіс (бұл ретте калий сақтайтын диуретик кейінірек қайта тағайындалуы мүмкін), не АӨФ тежегіші оны одан әрі біртіндеп ұлғайта отырып, төмен дозада тағайындалуы тиіс.

СЖЖ жағдайында диуретиктерді қолданғанда АӨФ тежегіші өте төмен дозада, мүмкін бір мезгілде қолданылатын калий сақтайтын диуретиктің дозасын азайтқаннан кейін тағайындалуы тиіс.

Барлық жағдайларда бүйрек функциясы (креатинин концентрациясы) АӨФ тежегіштерін қолданудың алғашқы апталарында бақылануы тиіс.

Калий сақтайтын диуретиктер (эплеренон, спиронолактон)

Эплеренонды немесе спиронолактонды тәулігіне 12,5 мг-ден 50 мг-ге дейінгі дозаларда және АӨФ тежегіштерінің төмен дозаларында қолдану:

Бұрын АӨФ тежегіштері мен «іلمекті» диуретиктерді қабылдаған пациенттерде NYHA жіктемесі бойынша II - IV функционалдық кластың СЖЖ <40% АӨФ тежегіштерін және «іلمекті» диуретиктерді қабылдаған пациенттерде, әсіресе препараттардың осы біріктіріліміне қатысты ұсынымдар сақталмаған жағдайда, гиперкалиемияның (өліммен аяқталуы мүмкін) даму қаупі бар.

Дәрілік препараттардың осы біріктірілімін қолданар алдында гиперкалиемияның және бүйрек функциясының бұзылуының жоқтығына көз жеткізу қажет.

Қандағы креатинин мен калий концентрациясын үнемі бақылау ұсынылады: апта сайын емдеудің бірінші айында және ай сайын.

Рацекадотрил

АӨФ тежегіштерін (оның ішінде периндоприлді) қабылдау аясында ангионевротиздық ісінудің дамуы байқалуы мүмкін. Бұл қауіп рацекадотрилмен (жедел диареяны емдеу үшін қолданылатын препаратпен) бірге қолданғанда артуы мүмкін.

mTOR тежегіштері (сүтқоректілердің рапамицинінің мақсаттары) (мысалы, сиролимус, эверолимус, темсиролимус)

mTOR тежегіштерімен бірге қолданғанда ангионевроздық ісінудің даму қаупі артады (4.4-бөлімді қараңыз).

Ацетилсалицил қышқылының жоғары дозаларын қоса, қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (ҚҚСП) (≥ 3 г/тәулік)

АӨФ тежегіштерін ҚҚСП-мен (қабынуға қарсы әсері бар дозадағы ацетилсалицил қышқылы, циклооксигеназа-2 (ЦОГ-2) тежегіштері және селективті емес ҚҚСП) бір мезгілде қолданғанда гипертензияға қарсы әсердің әлсіреуі байқалуы мүмкін. АӨФ және ҚҚСП тежегіштерін бірге қолдану, әсіресе бүйрек функциясы төмендеген пациенттерде жедел бүйрек жеткіліксіздігінің дамуын және қан сарысуындағы калий мөлшерінің ұлғаюын қоса, бүйрек функциясының нашарлау қаупінің ұлғаюына әкелуі мүмкін. Препараттар мен ҚҚСП біріктірілімін, әсіресе егде жастағы пациенттерде қолданғанда сақ болу керек. Пациенттерге сұйықтықтың жоғалуын өтеу және емнің басында да, сондай-ақ емдеу процесінде мезгіл-мезгіл бүйрек функциясын мұқият бақылау қажет.

Плазминогеннің рекомбинантты тіндік активаторлары (rtPA, алтеплаза)

АӨФ тежегіштерін қабылдаған және жедел ишемиялық инсульт кезінде тромболитикалық терапия үшін алтеплаза алған пациенттерде ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғары болуы мүмкін.

Назар аударуды қажет ететін препараттардың үйлесімі

Глиптиндер (линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин)

АӨФ тежегіштерімен бірге қолданғанда глиптиннің әсерінен дипептидилпептидаза IV (ДПП-IV) белсенділігінің төмендеуі салдарынан ангионевроздық ісінудің даму қаупі артады.

Симпатомиметиктер

АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсерін әлсіретуі мүмкін.

Алтын препараттары

АӨФ тежегіштерін, оның ішінде периндоприлді және инъекциялық алтын препаратын (натрий ауротиомалаты) бірге қолдану аясында пациенттерде нитритоидты реакциялардың сирек жағдайлары (бет терісінің гиперемиясы, жүрек айну, құсу, гипотензия сияқты симптомдары бар) хабарланды.

Аллопуринол, иммуносупрессиялық дәрілер, кортикостероидтар (жүйелі қолданған кезде) және прокаинамид

АӨФ тежегіштерімен бірге қолдану, әсіресе бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде лейкопения қаупінің жоғарылауымен қатар жүруі мүмкін.

Жалпы анестезияға арналған дәрілер: АӨФ тежегіштері мен жалпы анестезияға арналған дәрілерді бірге қолдану гипотензиялық әсерге әкелуі мүмкін.

Престанс

Ерекше назар аударуды қажет ететін препараттардың үйлесімі

Баклофен: гипертензияға қарсы әсердің жоғарылауы мүмкін. АҚ бақылау керек, қажет болған жағдайда амлодипин дозасын түзету қажет.

Назар аударуды қажет ететін препараттардың үйлесімі

Гипотензиялық дәрілер (мысалы, бета-адреноблокаторлар) және вазодилататорлар: периндоприл мен амлодипиннің гипертензияға қарсы әсерінің күшеюі мүмкін. Нитроглицеринмен, басқа нитраттармен немесе басқа вазодилататорлармен бірге қолданған кезде сақ болу керек, өйткені ақ қосымша төмендеуі мүмкін.

Кортикостероидтар (минералдар- және глюкокортикостероидтар), тетракозактид: гипертензияға қарсы әсерінің төмендеуі (кортикостероидтардың әсері нәтижесінде сұйықтық пен натрий иондарының іркілуі).

Альфа-адреноблокаторлар (празозин, альфузозин, доксазозин, тамсулозин, теразозин): гипертензияға қарсы әсердің күшеюі және ортостатикалық гипотензия қаупінің жоғарылауы.

Амифостин: амлодипиннің гипертензияға қарсы әсерінің күшеюі мүмкін.

Трициклді антидепрессанттар/нейролептиктер/жалпы анестезияға арналған дәрілер: гипертензияға қарсы әсердің жоғарылауы және ортостатикалық гипотензия қаупінің жоғарылауы.

4.6. Фертильділік, жүктілік және лактация

Препаратты жүктілік және лактация кезеңінде қолдануға болмайды.

Емшек емізуді тоқтату немесе препаратты тоқтату туралы шешім қабылдау үшін ана үшін емнің маңыздылығын бағалау қажет.

Жүктілік

Амлодипин

Амлодипинді жүктілік кезінде қолдану қауіпсіздігі анықталмаған.

Жануарларға жүргізілген эксперименттік зерттеулерде препараттың фетоуытты және эмбриоуытты әсері оны жоғары дозаларда қолданған кезде белгіленген. Жүктілік

кезінде қолдану қауіпсіз балама болмаған жағдайда және ауру ана мен шарана үшін үлкен қауіп төнген кезде ғана мүмкін болады.

Периндоприл

АӨФ тежегіштерін қолдану жүктіліктің бірінші триместрінде қолдануға ұсынылмайды (4.4-бөлімді қараңыз). Жүктіліктің II және III триместрінде АӨФ тежегіштерін қолдану қарсы көрсетілімде (4.3. және 4.4. бөлімдерін қараңыз).

Қазіргі уақытта жүктіліктің бірінші триместрінде АӨФ тежегіштерін қабылдау кезінде тератогендік қауіп туралы бұлтартпайтын эпидемиологиялық деректер жоқ. Алайда шарана дамуының бұзылу қаупінің шамалы өсуін жоққа шығаруға болмайды. Жүктілікті жоспарлау кезінде препаратты тоқтатып, жүктілік кезінде қолдануға рұқсат етілген басқа да гипотензиялық дәрілерді тағайындау керек. Жүктілік басталған кезде АӨФ тежегіштерімен емдеуді дереу тоқтатып, қажет болған жағдайда басқа ем тағайындау керек.

Жүктіліктің II және III триместрінде АӨФ тежегіштерінің шаранаға әсері оның дамуының бұзылуына (бүйрек функциясының төмендеуі, олигогидрамнион, бас сүйек сүйектерінің оссификациясының баяулауы) және жаңа туған нәрестеде асқынулардың дамуына (бүйрек жеткіліксіздігі, артериялық гипотензия, гиперкалиемия) әкелуі мүмкін екені белгілі.

Егер пациент жүктіліктің II немесе III триместрі кезінде АӨФ тежегіштерін алса, бас сүйегінің жағдайын және шарана/баланың бүйрек функциясын бағалау үшін ультрадыбыстық зерттеу жүргізу ұсынылады.

Аналары жүктілік кезінде АӨФ тежегіштерін алған жаңа туған нәрестелер артериялық гипотензияның даму қаупіне байланысты мұқият медициналық бақылауда болуы тиіс (4.3 және 4.4-бөлімдерді қараңыз).

Лактация

Амлодипин

Амлодипин емшек сүтімен шығарылады. Нәресте алған ана дозасының үлесі кватильаралық ауқыммен 3% - дан 7% - ға дейін, ең жоғары 15% - ға дейін бағаланды. Амлодипиннің нәрестелерге әсері белгісіз.

Емді жалғастыру/тоқтату немесе емшек емізу туралы шешімді бала үшін емшек емізудің пайдасын және ана үшін амлодипин қабылдаудың пайдасын ескере отырып қабылдау керек.

Периндоприл

Емшек емізу кезінде периндоприлді қолдануға қатысты ақпараттың болмауына байланысты периндоприлді қабылдау ұсынылмайды, емшек емізу кезінде, әсіресе жаңа туған немесе шала туылған нәрестелерді тамақтандыру кезінде анағұрлым зерттелген қауіпсіздік профилі бар балама емдеуді ұстанған жөн. Периндоприлдің емшек сүтімен шығарылуына қатысты деректер жоқ.

Фертильділік

Амлодипин

БМКК алған кейбір науқастарда шәует басында биохимиялық өзгерістер анықталды. Алайда, қазіргі уақытта амлодипиннің фертильділікке ықтимал әсері туралы жеткілікті клиникалық деректер жоқ. Егеуқұйрықтарды зерттеуде еркектердегі фертильділікке жағымсыз әсерлер анықталды.

Периндоприл

Периндоприлдің ұрпақ өрбіту функциясына немесе фертильділікке әсері анықталған жоқ.

4.7 Автокөлікті және қауіптілігі зор механизмдерді жүргізу қабілетіне әсері

Престанс дәрілік препаратын қабылдау аясында автокөлікті немесе басқа да күрделі тетіктерді басқару қабілетіне қандай да бір теріс әсер байқалмағанымен, АҚ ықтимал шамадан тыс төмендеуі, бас айнарудың, ұйқышылдықтың және басқа да жағымсыз реакциялардың дамуы салдарынан аталған жағдайларда, әсіресе емдеудің басында және дозаның ұлғаюы кезінде сақ болу керек.

4.8 Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейінінің түйіндемесі

Периндоприл мен амлодипинді монотерапия түрінде қабылдаған кезде жиі кездесетін жағымсыз реакциялар: ісіну, ұйқышылдық, бас айналу, бас ауруы (әсіресе емнің басында), дисгевзия (дәмнің бұзылуы), парестезия, көрудің бұзылуы (диплопияны қоса), құлақтағы шуыл, вертиго, жүрек қағысының сезімі, бет терісіне қанның «тебуі», артериялық гипотензия (және онымен байланысты симптомдар), енгігу, жөтел, іштің ауыруы, жүрек айну, құсу, диспепсия, нәжістің жиілігі мен сипатының өзгеруі, диарея, іш қату, терінің қышынуы, терінің бөртпесі, экзантема, буын аймағындағы ісіну (білек аймағындағы ісіну), бұлшықет түйілуі, шаршау, астения.

Жағымсыз реакциялардың жиынтық кестесі

Престанс препаратының компоненттері терапиясымен байланысты болуы болжанып жіктелген жағымсыз реакциялар клиникалық зерттеулер мен тіркеуден кейінгі қолдану тәжірибесіне сәйкес жүйе-ағза класы мен кездесуінің абсолютті жиілігі бойынша 1-кестеде тізбеленген. Кездесу жиілігі келесі түрде анықталады: өте жиі ($\geq 1/10$), жиі ($\geq 1/100$ бірақ $< 1/10$), жиі емес ($\geq 1/1\,000$ бірақ $< 1/100$), сирек ($\geq 1/10\,000$ бірақ $< 1/1\,000$), өте сирек ($< 1/10\,000$), жиілігі белгісіз (қолда бар деректер бойынша анықтау мүмкін емес).

1-кесте

Престанс препаратын қолданумен байланысты жағымсыз реакциялардың жиынтық кестесі

MedDRA Жүйе-ағза класы	Жағымсыз әсерлер	Жиілік	
		Амлодипин	Периндоприл
Инфекциялар және инвазиялар	Ринит	Жиі емес	Өте сирек
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	Эозинофилия	-	Жиі емес*
	Лейкопения / нейтропения (4.4-бөлімді қараңыз)	Өте сирек	Өте сирек
	Агранулоцитоз немесе панцитопения (4.4-бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек
	Тромбоцитопения (4.4-бөлімді қараңыз)	Өте сирек	Өте сирек
	Туа біткен глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа жеткіліксіздігі бар пациенттердегі гемолиздік анемия.	-	Өте сирек

MedDRA Жүйе-ағза класы	Жағымсыз әсерлер	Жиілік	
		Амлодипин	Периндоприл
Иммундық жүйенің тарапынан бұзылулар	Аса жоғары сезімталдық	Өте сирек	Жиі емес
Эндокриндік бұзылулар	Антидиуретик гормонның адекватты емес секрециялану синдромы (АГАЕСС)	-	Сирек
Метаболизм және тамақтану тарапынан бұзылулар	Гипогликемия (4.4 және 4.5-бөлімдерді қараңыз)	-	Жиі емес*
	Препаратты тоқтатқан кезде қайтымды гиперкалиемиия (4.4-бөлімді қараңыз)	-	Жиі емес*
	Гипонатриемия	-	Жиі емес*
	Гипергликемия	Өте сирек	-
Психикалық бұзылулар	Ұйқысыздық	Жиі емес	-
	Көңіл-күйдің өзгеруі (үрейді қоса)	Жиі емес	Жиі емес
	Депрессия	Жиі емес	Жиі емес*
	Ұйқының бұзылуы	-	Жиі емес
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Ұйқышылдық (әсіресе емдеудің басында)	Жиі	Жиі емес*
	Бас айналу (әсіресе емдеудің басында)	Жиі	Жиі
	Бас ауыруы (әсіресе емдеудің басында)	Жиі	Жиі
	Дисгевзия (дәм сезудің бұзылысы)	Жиі емес	Жиі
	Тремор	Жиі емес	-
	Гипестезия	Жиі емес	-
	Парестезия	Жиі емес	- Жиі
	Естен тану жай-күйі	Жиі емес	Жиі емес*
	Сананың шатасуы	Сирек	Өте сирек
	Гипертонус	Өте сирек	-
	Шеткері нейропатия	Өте сирек	-
	Жоғары қауіп тобындағы пациенттерде АҚ шамадан тыс төмендеуі салдарынан инсульт болуы мүмкін (4.4-бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек
	Экстрапирамидалық бұзылыстар (экстрапирамидалық синдром)	Жиілігі белгісіз	-
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	Көрудің бұзылуы	Жиі	Жиі
	Диплопия	Жиі	-
Есту мүшесі және құлақ иірі тарапынан	Құлақтағы шуыл	Жиі емес	Жиі
	Вертиго	-	Жиі

MedDRA Жүйе-ағза класы	Жағымсыз әсерлер	Жиілік	
		Амлодипин	Периндоприл
бұзылулар			
Жүрек тарапынан бұзылулар	Жүрек соғуын сезіну	Жиі	Жиі емес*
	Тахикардия	-	Жиі емес*
	Стенокардия (4.4 бөлімді қараңыз)	-	Өте сирек
	Жоғары қауіпті топтағы пациенттерде АҚ шамадан тыс төмендеуі салдарынан мүмкін миокард инфарктісі (4.4-бөлімді қараңыз)	Өте сирек	Өте сирек
	Аритмия (брадикардияны, қарыншалық тахикардияны және жүрекшелердің фибрилляциясын қоса алғанда)	Жиі емес	Өте сирек
Қантамырлар тарапынан бұзылулар	Бет терісіне қанның «тебуі»	Жиі	Сирек*
	Артериялық гипотензия (және артериялық гипотензиямен байланысты әсерлер)	Жиі емес	Жиі
	Васкулит	Өте сирек	Жиі емес*
	Рейно синдромы	-	Жиілігі белгісіз
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы ағзалары және көкірек ортасы тарапынан бұзылулар	Ентігу	Жиі	Жиі
	Жөтел	Жиі емес	Жиі
	Бронхтың түйілуі	-	Жиі емес
	Эозинофильді пневмония	-	Өте сирек
Асқазан-ішек бұзылулары	Қызылиектің гиперплазиясы	Өте сирек	-
	Іштің ауыруы	Жиі	Жиі
	Жүрек айнуы	Жиі	Жиі
	Құсу	Жиі емес	Жиі
	Диспепсия	Жиі	Жиі
	Нәжіс жиілігі мен сипатының өзгеруі	Жиі	-
	Ауыздың құрғауы	Жиі емес	Жиі емес
	Диарея	Жиі	Жиі
	Іш қатуы	Жиі	Жиі
	Панкреатит	Өте сирек	Өте сирек
	Гастрит	Өте сирек	-
Бауыр мен өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Гепатит, сарғаю	Өте сирек	-
	Цитолитикалық немесе холестаздық гепатит (4.4 бөлімін қараңыз).	-	Өте сирек
	«Бауыр» ферменттерінің белсенділігін арттыру (көбінесе холестазбен бірге)	Өте сирек	-

MedDRA Жүйе-ағза класы	Жағымсыз әсерлер	Жиілік	
		Амлодипин	Периндоприл
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	Квинке ісінуі (ангионевроздық ісіну)	Өте сирек	-
	Беттің, аяқ-қолдың, еріннің, шырышты қабықтың, тілдің, дауыс қатпарының және/немесе көмейдің ангионевроздық ісінуі (4.4 бөлімін қараңыз)	Өте сирек	Жиі емес
	Көп формалы эритема	Өте сирек	Өте сирек
	Алопеция	Жиі емес	-
	Пурпура	Жиі емес	-
	Тері түсінің өзгеруі	Жиі емес	-
	Тершеңдік	Жиі емес	Жиі емес
	Терінің қышынуы	Жиі емес	Жиі
	Экзантема	Жиі емес	Жиі
	Есекжем (4.4 бөлімін қараңыз)	Жиі емес	Жиі емес
	Фотосезімталдық реакциялары	Өте сирек	Жиі емес*
	Пемфигиод	-	Жиі емес*
	Псориаздың өршуі	-	Сирек
	Стивенс-Джонсон синдромы	Өте сирек	-
	Эксфолиативті дерматит	Өте сирек	-
	Уытты эпидермальді некролиз	Жиілігі белгісіз	-
Бұлшықет, қаңқа және дәнекер тін тарапынан бұзылулар	Буын аймағының ісінуі (білек аймағының ісінуі)	Жиі	-
	Артралгия	Жиі емес	Жиі емес*
	Миалгия	Жиі емес	Жиі емес*
	Бұлшықеттің түйілуі	Жиі	Жиі
	Арқаның ауыруы	Жиі емес	-
Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Несеп шығарудың бұзылуы, никтурия, поллакиурия	Жиі емес	-
	Бүйрек жеткіліксіздігі	-	Жиі емес
	Жедел бүйрек жеткіліксіздігі	-	Сирек
	Анурия/Олигурия	-	Сирек*
Ұрпақ өрбіту жүйесі және сүт бездері тарапынан бұзылулар	Эректильді дисфункция	Жиі емес	Жиі емес
	Гинекомастия	Жиі емес	-
Жалпы бұзылулар және енгізген жердегі реакциялар	Ісіну	Өте жиі	-
	Шеткері ісіну	-	Жиі емес*
	Қатты қажу	Жиі	-
	Кеуденің ауыруы	Жиі емес	Жиі емес*
	Астения	Жиі	Жиі
	Ауыру	Жиі емес	-

MedDRA Жүйе-ағза класы	Жағымсыз әсерлер	Жиілік	
		Амлодипин	Периндоприл
Зертханалық және аспаптық зерттеулер	Дімкәстік	Жиі емес	Жиі емес*
	Қызба	-	Жиі емес*
	Дене салмағының артуы, дене салмағының төмендеуі	Жиі емес	-
Жарақаттар, уыттану және емшаралар асқынуы	Қандағы мочевина концентрациясының жоғарылауы	-	Жиі емес*
	Қандағы креатинин концентрациясының жоғарылауы	-	Жиі емес*
	Қандағы билирубин концентрациясының жоғарылауы	-	Сирек
	«Бауыр» ферменттері белсенділігінің артуы	-	Сирек
	Гемоглобин мен гематокриттің төмендеуі	-	Өте сирек
	Құлау	-	Жиі емес*

* Спонтанды хабарламалар бойынша анықталған жағымсыз реакциялардың жиілігін бағалау клиникалық зерттеулер нәтижелерінің деректері негізінде жүргізілді.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасына үздіксіз мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препаратты тіркегеннен кейін күдікті жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медицина қызметкерлеріне дәрілік препараттың кез келген күдікті жағымсыз реакциялары туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің жағымсыз реакциялары туралы ұлттық хабарлау жүйелері арқылы хабарлау ұсынылады.

Ресей Федерациясы

109012, Мәскеу қ., Славянская алаңы, д. 4, 1-құр.

Денсаулық сақтау саласында қадағалау жөніндегі федералды қызмет

(Росздравнадзор)

Тел: +7 (800) 550-99-03

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

Қазақстан Республикасы

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, Иманов к-сі, 13 («Нұрсаулет 2» БО)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (7172) 235-135

<http://www.ndda.kz>

Эл. пошта: farm@ndda.kz

Қырғыз Республикасы

720044, Бішкек қаласы, 3-Линия көшесі, 25-үй

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттар

Армения Республикасы

0051, Ереван қ., Комитас даңғ. 49/5

«Дәрілер мен медициналық технологияларды сараптау орталығы» ШЖҚ

мен медициналық бұйымдар департаменті
Тел.: +996 (312) 21-92-78
<http://pharm.kg>
Эл. пошта: dlsmi@pharm.kg

Тел.: + 374 (60) 83 00 73, + 374 (10) 23 08 96, + 374 (10) 23 16 82
Дәрілер қауіпсіздігін мониторингтеу бөлімінің жедел желі телефоны: +374 (10) 20 05 05, +374 (96) 22 05 05
<http://pharm.am>
Эл. почта: info@ampra.am,
vigilance@pharm.am

Беларусь Республикасы

220037, Минск қ., Товарищеский өткелі,
2а үй
«Денсаулық сақтаудағы сараптамалар мен сынақтар орталығы» УК
Тел.: +375 (17) 231 85 14
Факс.: +375 (17) 252 53 58
Фармакологиялық қадағалау бөлімінің телефоны: +375 (17) 242 00 29
<http://www.rceth.by>
Эл. пошта: rcpl@rceth.by, rceth@rceth.by

4.9 Артық дозалануы

Адамда препараттың артық дозалануы туралы ақпарат жоқ.

Амлодипин

Адамдарда амлодипиннің артық дозалануы туралы ақпарат шектеулі.

Симптомдары: рефлекторлық тахикардияға әкелетін шамадан тыс шеткері вазодилатация және АҚ айқын және тұрақты төмендеуі, соның ішінде шок пен өлімнің дамуымен.

Амлодипиннің артық дозалануы нәтижесінде кешігумен көрінуі мүмкін (препаратты ішке қабылдаған соң 24-48 сағаттан кейін) және өкпені жасанды желдетуді талап ететін өкпенің кардиогенді емес ісінуінің сирек жағдайлары туралы хабарланды. Перфузия мен жүрек лықсытуын қолдау үшін ерте реанимациялық шаралар (гиперволемианы қоса) өршітетін факторлар болуы мүмкін.

Емі: амлодипиннің артық дозалануынан туындаған АҚ айқын төмендеуі жүрек пен өкпе жұмысының көрсеткіштерін бақылауды, аяқ-қолдардың жоғары орналасуын және АҚК және диурезді бақылауды қоса, жүрек-қан тамыр жүйесінің функциясын қолдауға бағытталған белсенді іс-шаралар жүргізуді талап етеді. Қан тамырларының тонусын және АҚ қалпына келтіру үшін вазоконстрикторлы препаратты қолдану пайдалы болуы мүмкін, егер оны қолдануға қарсы көрсетілімдер болмаса, кальций өзекшелірінің блокадасының салдарын жою үшін кальций глюконатын вена ішіне енгізу пайдалы. Кейбір жағдайларда асқазанды шаю тиімді болуы мүмкін. Амлодипинді 10 мг дозада қабылдағаннан кейін алғашқы 2 сағат ішінде белсендірілген көмірді қабылдау препараттың сінуінің кідіруіне әкеледі. Амлодипин қан плазмасы ақуыздарымен белсенді байланысатындықтан, гемодиализ тиімсіз.

Периндоприл

Адамдарда периндоприлдің артық дозалануы туралы деректер шектеулі.

Симптомдары: АӨФ тежегіштерінің артық дозалануында АҚ айқын төмендеуі, шок, су-электролит балансының бұзылуы, бүйрек жеткіліксіздігі, гипервентиляция, тахикардия, жүрек соғуы, брадикардия, бас айналу, мазасыздық, жөтел байқалуы мүмкін.

Ұсынылған ем: изотоникалық тұзды ерітіндінің вена ішіне инфузиясы (мысалы, 0,9% натрий хлориді ерітіндісінің вена ішіне инфузиясы). АҚ елеулі төмендеген кезде пациентті аяғы көтерілген «жату» жағдайына ауыстыру керек. Қажет болса,

катехоламин ерітіндісін вена ішіне енгізуге болады. Диализдің көмегімен периндоприлді жүйелі қан ағымынан алып тастауға болады (4.4-бөлімді қараңыз). Емге төзімді брадикардия дамыған кезде электрокардиостимуляторды орнату қажет болуы мүмкін. Организмнің негізгі өмірлік функцияларының көрсеткіштерін, қан сарысуындағы креатинин мен электролиттердің концентрациясын үнемі бақылау қажет.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: ренин-ангиотензин жүйесіне әсер ететін дәрілер; басқа дәрілермен біріктіріп АӨФ тежегіштері; кальций өзекшелерінің блокаторларымен біріктіріп АӨФ тежегіштері.

АТХ коды C09BB04.

Амлодипин

Әсер ету механизмі

Амлодипин - БМКК, дигидропиридин туындысы. Амлодипин кальций иондарының кардиомиоциттерге және тамыр қабырғасының тегіс бұлшықет жасушаларына трансжарғақшалық өтуін тежейді.

Амлодипиннің гипертензияға қарсы әсері тамыр қабырғасының тегіс бұлшықет жасушаларына тікелей босаңсытуға байланысты. Амлодипиннің антиангинальді әсері жүзеге асыратын егжей-тегжейлі механизмі толық анықталмаған, бірақ амлодипин екі әсер арқылы жалпы ишемиялық жүктемені төмендететіні белгілі:

- тамырлардың жалпы шеткергі кедергісін (жүктемеден кейінгі) азайта отырып, шеткергі артериолалардың кеңеюін туындатады. Бұл жағдайда жүрек жиырылу жиілігі (ЖЖЖ) өзгермейтіндіктен, миокардтың оттегіні қажет етуі азаяды.
- коронарлық артериялар мен артериолалардың ишемияланған және интактілік аймақтарда кеңеюін тудырады. Олардың кеңеюі вазоспастикалық стенокардиясы бар пациенттерге миокардқа оттегінің түсуін арттырады (Принцметал стенокардиясы немесе вариантты стенокардия).

Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

АГ бар пациенттерде амлодипинді тәулігіне 1 рет қабылдау 24 сағат бойы «тұру» және «жату» жағдайында АҚ клиникалық мәнді төмендеуін қамтамасыз етеді, гипертензияға қарсы әсер баяу дамиды, осыған байланысты жедел артериялық гипотензияның дамуы тән емес.

Стенокардиясы бар пациенттерде амлодипинді тәулігіне 1 рет қабылдау дене жүктемесінің жалпы уақытын арттырады, стенокардия ұстамасының дамуына дейінгі және ST сегментінің депрессиясы пайда болғанға дейінгі уақытты 1 мм-ге арттырады, сондай-ақ стенокардия ұстамаларының жиілігін және тіл астына нитроглицерин қабылдауды төмендетеді.

Амлодипин метаболизмге жағымсыз әсер етпейді және қан плазмасы липидтерінің концентрациясына әсер етпейді. Препарат қатарлас бронх демікпесі, қант диабеті және подагра бар пациенттерде қолданылуы мүмкін.

Жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА)

Тиімділікті бағалау нәтижелері амлодипинді қабылдау стенокардия бойынша ауруханаға жатқызу және ЖИА бар пациенттерде реваскуляризация емшараларын жүргізу жағдайларының аз болуымен сипатталатынын көрсетеді.

Жүрек жеткіліксіздігі

Гемодинамикалық зерттеулердің нәтижелері, сондай-ақ NYHA жіктемесі бойынша II-IV функционалдық кластағы СЖЖ бар пациенттердің қатысуымен жүргізілген клиникалық зерттеулердің нәтижелері амлодипиннің физикалық жүктемеге, сол жақ қарыншаның лықсу фракциясына және клиникалық белгілерге төзімділік деректеріне негізделген клиникалық нашарлауға әкелмейтінін көрсетті.

НҮНА жіктемесі бойынша III-IV функционалдық класты СЖЖ бар пациенттерде дигоксинді, диуретиктерді және АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында амлодипинді қабылдау жүрек жеткіліксіздігімен байланысты өлім-жітім немесе өлім-жітім және сырқаттанушылық қаупінің жоғарылауына алып келмейтіндігі көрсетілген.

ЖИА клиникалық симптомдары жоқ НҮНА жіктемесі бойынша III және IV функционалдық кластағы созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде ұзақ мерзімді зерттеулерде немесе ЖИА болуын куәландыратын объективті деректерде АӨФ тежегіштерінің, жүрек гликозидтерінің және диуретиктердің тұрақты дозаларын қабылдау аясында амлодипинді қабылдау жүрек-қантaмыр ауруларынан болатын өлімнің жалпы көрсеткішіне әсер етпейтінін көрсетті. Пациенттердің осы популяциясында амлодипинді қолдану өкпе ісінуінің дамуы туралы хабарламалар санының артуымен қатар жүрді.

Миокард инфарктісінің профилактикасы

Амлодипинді (тәулігіне 2,5-10 мг), лизиноприлді (тәулігіне 10-40 мг) және хлорталидонды (тәулігіне 12,5-25 мг) «бірінші желі» препараты ретінде қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігі АГ жұмсақ немесе орташа дәрежесі бар және ең болмағанда ЖИА қаупінің қосымша факторларының бірі бар пациенттерде зерттелді.

Амлодипин мен хлорталидон топтары арасында бағалаудың негізгі критерийі бойынша (ЖИА өліммен аяқталу жиілігінің біріктірілген көрсеткіші және миокард инфарктісі жиілігі) елеулі айырмашылықтар анықталған жоқ. Амлодипин тобындағы жүрек жеткіліксіздігінің даму жиілігі хлорталидон тобына қарағанда едәуір жоғары болды – сәйкесінше 10,2% және 7,7%. Амлодипин мен хлорталидон тобындағы өлім-жітімнің жалпы жиілігінің елеулі айырмашылықтары анықталған жоқ.

Периндоприл

Периндоприл-ангиотензин I ангиотензин II-ге (АӨФ тежегіші) айналдыратын ферменттің тежегіші. Ангиотензин өзгертуші фермент немесе кининаза II ангиотензин I ангиотензин II вазоконстрикторлы затқа айналуын және белсенді емес гептапептидке дейін вазодилатор әсері бар брадикининнің ыдырауын жүзеге асыратын экзопептидаза болып табылады.

АӨФ тежелуі қан плазмасындағы ангиотензин II концентрациясының төмендеуіне әкеледі, бұл қан плазмасындағы ренин белсенділігінің артуына («теріс кері байланыс» механизмі бойынша) және альдостерон секрециясының төмендеуіне әкеледі.

АӨФ брадикининді белсенсіздендіретіндіктен, АӨФ бәсеңдеуі айналымдағы және тіндік калликреин-кинин жүйесінің белсенділігінің артуымен қатар жүреді, бұл ретте простагландиндер жүйесі де іске қосылады. Бұл әсер АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсер ету механизмінің, сондай-ақ осы кластағы препараттардың (мысалы, жөтел) кейбір жағымсыз әсерлерін дамыту тетігінің бөлігі болып табылады.

Периндоприл белсенді метаболиттің, периндоприлаттың арқасында емдік әсерге ие. Басқа метаболиттер АӨФ *in vitro* тешегіштік әсер етпейді.

Клиникалық тиімділік және қауіпсіздік

Артериялық гипертензия

Периндоприл кез-келген ауырлық дәрежесіндегі АГ емдеуге арналған препарат болып табылады. Оны қолдану аясында "жату" және "тұру" жағдайында систолалық және диастолалық АҚ төмендеуі байқалады.

Периндоприл жалпы шеткері қантамырларының кедергісін азайтады, бұл жоғары АҚ төмендеуіне және ЖСЖ өзгертпестен шеткері қан ағымының жақсаруына әкеледі.

Әдетте, периндоприлді қабылдау бүйрек қан ағымын арттырады, шумақтық сүзіліс жылдамдығы өзгермейді.

Препараттың гипертензияға қарсы әсері бір рет ішке қабылдағаннан кейін 4-6 сағаттан соң шегіне жетеді және 24 сағат бойы сақталады.

Гипертензияға қарсы әсер бір рет ішке қабылдағаннан кейін 24 сағаттан соң ең жоғары гипертензияға қарсы әсердің шамамен 87-100% - ын құрайды.

АҚ төмендеуіне тез қол жетеді.

Емдік әсер емдеудің басталуынан 1 айдан аз уақыт өткен соң пайда болады және тахифилаксиямен қатар жүрмейді. Емдеуді тоқтату «рикошет» әсерін туындатпайды. Периндоприлдің тамырды кеңейтетін әсері бар, үлкен артериялардың серпімділігін және ұсақ артериялардың тамыр қабырғасының құрылымын қалпына келтіруге көмектеседі, сондай-ақ сол жақ қарыншаның гипертрофиясын азайтады.

Жүректің тұрақты ишемиялық ауруы (ЖИА)

Созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің СЖЖ клиникалық симптомдары жоқ тұрақты ЖИА бар пациенттерде (18 жастан асқан 12218 пациент) периндоприлді қолдану тиімділігі 4 жылдық зерттеу барысында зерттелді. Зерттеуге қатысушылардың 90% - ы бұрын жедел миокард инфарктісіне және/немесе реваскуляризация емшарасына шалдыққан.

Пациенттердің көпшілігі зерттелетін препараттан басқа, антиагреганттар, гиполипидемиялық дәрілер және бета-адреноблокаторларды қоса, стандартты ем алды. Тиімділіктің негізгі критерийі ретінде жүрек-қан тамырлар өлімін, өлімге әкелмейтін миокард инфарктісін және/немесе сәтті реанимациясы бар жүрек ұстамасын қамтитын біріктірілген соңғы нүкте таңдалды.

Күніне бір рет (10 мг периндоприл аргининге баламалы) 8 мг/тәулік дозада периндоприл третбутиламинмен емдеу біріктірілген соңғы нүктеге қатысты 1,9% абсолюттік қауіптің елеулі төмендеуіне алып келді, бұрын миокард инфарктісін және/немесе реваскуляризация емшарасын өткерген пациенттерде плацебо тобымен салыстырғанда абсолюттік қауіптің төмендеуі 2,2% - ды құрады.

Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесінің (РААЖ) қосарлы блокадасы

АӨФ тежегішін және ангиотензин II (АРА II) рецепторының блокаторын қолданумен біріктірілген емнің екі клиникалық зерттеулерінің деректері бар.

Анамнезінде кардиоваскулярлық немесе цереброваскулярлық аурулары бар не нысана-ағзаның расталған зақымдануымен қоса жүретін 2 типті қант диабеті бар пациенттердің қатысуымен клиникалық зерттеу, сондай-ақ 2 типті қант диабеті және диабеттік нефропатиясы бар пациенттердің қатысуымен зерттеулер жүргізілді.

Осы зерттеулер біріктірілген емнің бүйрек және/немесе кардиоваскулярлық оқиғалардың пайда болуына және өлім көрсеткіштеріне айтарлықтай оң әсерін анықтаған жоқ, ал гиперкалиемияның, жедел бүйрек жеткіліксіздігінің және/немесе гипотензияның даму қаупі монотерапиямен салыстырғанда артты.

АӨФ және АРА II тежегіштерінің ұқсас топшілік фармакодинамикалық қасиеттерін назарға ала отырып, осы нәтижелерді АӨФ және АРА II тежегіштерінің кластары өкілдерінің кез келген басқа препараттардың өзара іс-қимылы үшін күтуге болады.

Осыған байланысты диабеттік нефропатиясы бар пациенттерде АӨФ тежегіштерін ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен бірге қолдануға болмайды.

2 типті қант диабеті және созылмалы бүйрек ауруы немесе кардиоваскулярлық ауруы бар немесе осы аурулардың біріктірілімі бар пациенттерде алискиренді АӨФ немесе АРА II тежегішімен стандартты емге қосудың оң әсерін зерттеу бойынша клиникалық зерттеу деректері бар. Зерттеу қолайсыз нәтижелердің пайда болу қаупінің артуына байланысты мерзімінен бұрын тоқтатылды. Плацебо тобымен салыстырғанда алискирен қабылдайтын пациенттер тобында кардиоваскулярлық өлім мен инсульт жиі байқалды; сондай-ақ, жағымсыз әсерлер мен ерекше қызығушылықтың елеулі жағымсыз әсерлері (гиперкалиемия, гипотензия және бүйрек функциясының бұзылуы) плацебо тобына қарағанда алискирен тобында жиі тіркелді.

Амлодипин, периндоприл

АГ бар 40-тан 79 жасқа дейінгі пациенттерде амлодипинді периндоприлмен және атенололды бендрофлуметиазидпен біріктіріп ұзақ уақыт қолданғанда және қосымша қауіп факторларының кемінде үшеуімен тиімділігі зерттелді.

Тиімділікті бағалаудың негізгі критерийі - миокард инфарктісі (оның ішінде ауырусыз) жиілігінің және ЖИА өлімінің біріктірілген көрсеткіші.

Амлодипин/периндоприл тобындағы бағалаудың негізгі критерийінде қарастырылған асқынулардың жиілігі атенолол/бендрофлуметиазид тобына қарағанда 10% төмен болды, бірақ бұл айырмашылық статистикалық тұрғыдан сенімді болмады. Амлодипин/периндоприл тобында тиімділіктің қосымша критерийлерімен көзделген асқынулар жиілігінің сенімді төмендеуі байқалды (өлімге әкелетін және өлімге әкелмейтін жүрек жеткіліксіздігінен басқа).

5.2. Фармакокинетикалық қасиеттері

Престанс дәрілік препаратын қолданған кезде периндоприл мен амлодипиннің сіңу шамасы монопрепараттарды қолданған кездегіден айтарлықтай ерекшеленбейді.

Амлодипин

Абсорбциясы

Ішке қабылдағаннан кейін амлодипин асқазан-ішек жолынан (АІЖ) баяу сіңеді. Абсолютті биожетімділік шамамен 64-80% құрайды. Тамақтану амлодипиннің биожетімділігіне әсер етпейді.

Таралуы

Қан плазмасындағы амлодипиннің ең жоғары концентрациясына препаратты ішке қабылдағаннан кейін 6-12 сағаттан соң қол жеткізіледі. Таралу көлемі - шамамен 21 л/кг. In vitro зерттеулерінде айналымдағы амлодипиннің шамамен 97,5% қан плазмасы ақуыздарымен байланысатыны көрсетілген.

Биотрансформациясы

Амлодипин бауырда метаболизденіп, белсенді емес метаболиттер түзеді.

Элиминациясы

Қан плазмасынан алынған соңғы $T_{1/2}$ амлодипин 35-50 сағ құрайды, бұл препаратты тәулігіне 1 рет қабылдауға мүмкіндік береді. Қабылданған амлодипин дозасының 10% өзгермеген түрде және 60% бүйрекпен - метаболиттер түрінде шығарылады. Амлодипин организмнен диализ арқылы шығарылмайды.

Пациенттердің ерекше топтары

Егде жастағы пациенттер және бүйрек функциясы бұзылған пациенттер

Препаратты қабылдаудан бастап амлодипиннің ең жоғары концентрациясына дейінгі уақыт егде жастағы және одан да жас пациенттерде ерекшеленбейді. Егде жастағы пациенттерде амлодипин клиренсінің баяулауы байқалады, бұл AUC астындағы ауданның ұлғаюына әкеледі. СЖЖ бар пациенттерде AUC және $T_{1/2}$ жоғарылауы осы жас тобы үшін болжамды шамаға сәйкес келеді.

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде қан плазмасындағы амлодипин концентрациясының өзгеруі бүйрек жеткіліксіздігінің дәрежесімен байланысты болмайды. $T_{1/2}$ елеусіз өсуі мүмкін.

Бауыр функциясы бұзылған пациенттер

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерге амлодипинді қолдану туралы деректер шектеулі. Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде амлодипин клиренсінің төмендеуі байқалады, бұл $T_{1/2}$ және AUC шамамен 40 – 60% - ға ұлғаюына әкеледі.

Периндоприл

Абсорбциясы

Ішке қабылдаған кезде периндоприл тез сіңеді, қан плазмасындағы ең жоғары концентрацияға 1 сағат ішінде қол жеткізіледі, қан плазмасынан $T_{1/2}$ 1 сағатты құрайды. Тамақтану периндоприлдің периндоприлатқа айналуын баяулатады, осылайша биожетімділікке әсер етеді. Сондықтан препаратты тәулігіне 1 рет, таңертең, тамақ ішер алдында қабылдау керек.

Таралуы

Еркін периндоприлаттың таралу көлемі шамамен 0,2 л/кг құрайды. Периндоприлаттың қан плазмасы ақуыздарымен, негізінен АӨФ байланысы шамамен 20% құрайды және дозаға тәуелді.

Биотрансформациясы

Периндоприлдің фармакологиялық белсенділігі жоқ. Ішке қабылданған периндоприлдің жалпы санының шамамен 27% белсенді периндоприлат метаболиті түрінде қанға енеді. Периндоприлаттан басқа фармакологиялық белсенділігі жоқ тағы 5 метаболит түзіледі. Қан плазмасындағы периндоприлаттың ең жоғары концентрациясы ішке қабылдағаннан кейін 3-4 сағаттан соң жетеді.

Элиминациясы

Периндоприлат организмнен бүйрек арқылы шығарылады. Бос фракцияның соңғы $T_{1/2}$ шамамен 17 сағатты құрайды, сондықтан тепе-теңдік күйіне 4 күн ішінде қол жеткізіледі.

Дозаға тәуелділігі (тәуелсіздігі)

Қан плазмасындағы периндоприл концентрациясының оның дозасына сызықтық тәуелділігі бар.

Пациенттердің ерекше топтары

Егде жастағы пациенттер және жүрек және бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер

Периндоприлаттың шығарылуы егде жастағы пациенттерде, сондай-ақ жүрек және бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде баяулады (4.2-бөлімді қараңыз). Сондықтан пациенттердің осы топтарында қан плазмасындағы креатинин мен калий концентрациясын үнемі бақылау қажет.

Бауыр функциясы бұзылған пациенттер

Периндоприлаттың диализдік клиренсі 70 мл/мин құрайды.

Бауыр циррозы бар пациенттерде периндоприлдің фармакокинетикасы бұзылған: оның бауыр клиренсі 2 есе азаяды. Алайда, пайда болған периндоприлат мөлшері азаймайды, бұл дозаны түзетуді қажет етпейді (4.2 және 4.4-бөлімдерді қараңыз).

5.3. Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері

Амлодипин

Репродуктивті уыттылығы

Егеуқұйрықтар мен тышқандардағы репродуктивті уыттылықты зерттеу буаздық кезеңінің ұлғаюын, туу ұзақтығының ұлғаюын және препаратты адам үшін ұсынылған ең жоғары мөлшерден шамамен 50 есе (мг/кг есептегенде) асатын дозаларда қолданғанда ұрпақтардың тіршілік қабілетінің төмендеуін көрсетті.

Фертильділіктің бұзылуы

Амлодипинді күніне 10 мг / кг дейінгі дозада қолданғанда (бұл мг/м² есептегенде адамға ұсынылатын ең жоғары 10 мг дозадан 8 есе* асады), амлодипинмен емделген егеуқұйрықтардағы фертильділікке әсері (жұптасқанға дейін еркектерде 64 күн ішінде және ұрғашыларында 14 күн ішінде) анықталмады. Еркектері амлодипин безилатын 30 күн бойы адамға арналған дозамен салыстырылатын дозада (мг/кг есептегенде) қабылдаған егеуқұйрықтарға жүргізілген тағы бір зерттеуде қан плазмасындағы фолликула ынталандыратын гормон мен тестостерон концентрациясының төмендеуі, сондай-ақ шәуһет тығыздығы мен жетілген сперматидтер мен Сертоли жасушаларының санының азаюы анықталды.

Канцерогенез, мутагенез

2 жыл бойы амлодипинді 0,5, 1,25 және 2,5 мг/кг/тәул. тәуліктік дозаны қамтамасыз ету үшін есептелген концентрацияларда қорегімен қосып қабылдаған егеуқұйрықтар мен тышқандарда канцерогенділік белгілері табылған жоқ. Ең жоғары доза (тышқандар үшін – мг/м² есептегенде ұсынылатын ең жоғары клиникалық дозаға 10 мг – ға ұқсас, ал егеуқұйрықтар үшін -2 есе* асатын) тышқандар үшін ең жоғары төзімді дозаға жақын болды, бірақ бұл егеуқұйрықтар үшін емес.

Мутагенезді зерттеу барысында гендік те, хромосомалық деңгейде де препаратты қолданумен байланысты әсерлер табылған жоқ.

* Пациенттің дене салмағына 50 кг есебімен.

Периндоприл

Созылмалы уыттылықты зерттеуде (егеуқұйрықтар мен маймылдарда) пероральді қабылдағанда нысаналы орган бүйрек болып табылады, бұзылулар қайтымды сипатта болады.

In vitro және in vivo зерттеулерде мутагендік байқалмады.

Репродуктивті уыттылықты зерттеу (егеуқұйрықтарда, тышқандарда, үй қояндарында және маймылдарда) эмбриоуыттылық немесе тератогенділік белгілерін анықтаған жоқ. Алайда, ангиотензин өзгертуші фермент тежегіштері класс ретінде ұрықтың кеш дамуына жағымсыз әсер етіп, ұрықтың өліміне және кеміргіштер мен үй қояндарында туа біткен бұзылуларға әкелетіні көрсетілді: бүйрек зақымдануы және перинаталдық және туғаннан кейінгі өлім-жітімнің өсуі байқалды. Еркектерінде де, ұрғашыларында да фертильділігінің бұзылуы анықталмады.

Препаратты егеуқұйрықтар мен тышқандарға ұзақ уақыт қолдану зерттеулерінде канцерогендік байқалмады.

6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

6.1 Қосымша заттардың тізбесі

Микрокристалды целлюлоза

Лактоза моногидраты

Магний стеараты

Сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы

6.2 Үйлесімсіздігі

Қатысты емес.

6.3 Жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі)

3 жыл.

6.4 Сақтау кезіндегі ерекше сақтық шаралары

25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

6.5 Шығарылу түрі және қаптамасы

29 немесе 30 таблеткадан тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған дозатормен және ылғал сіңіретін гелі (силикагелі) бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған қақпақпен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыға салынады.

1 құтыдан қосымша парақпен бірге алғаш ашылуын бақылаумен, картон қорапшаға салынады.

Стационарларға арналған қаптама:

30 таблеткадан тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған дозатормен және ылғал сіңіретін гелі (силикагелі) бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған қақпақпен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыға салынған.

3 құтыдан алғаш ашылуын бақылаумен, саны бірдей қосымша парақтармен бірге картон қорапшаға салынады.

6.6 Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе препаратты қолданудан және препаратпен жасалатын басқа манипуляциялардан алынған қалдықтарды жою кезіндегі айрықша сақтандыру шаралары

Ерекше талаптар жоқ.

7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

Франция

Лаборатории Сервье / Les Laboratoires Servier

92284 Франция, Сюрен Седекс, ул. Карно 50 / 50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

7.1. Тіркеу куәлігі ұстаушысының Одақ аумағындағы өкілі

Тұтынушылардың талаптарын мына мекенжайға жолдауға болады:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш.,

7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937 07 00

Факс: +7 (495) 937 07 01

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы

«Сервье Казахстан» ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғ. 310Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасындағы «Les Laboratoires Servier» (Француз Республикасы) УАҚ өкілдігі

Мекенжайы: 220030, Минск қ. Мясников көш., 70, 303 кеңсе

Тел.: +375 (17) 306 54 55/56

Эл. пошта: OfficeBY@servier.com

Армения Республикасы

«Лаборатории Сервье» өкілдігі

Мекенжайы: 0002, Ереван қ., Кентрон, Амирян көш., 15, дүкен 100

Тел.: +374 (10) 50-50-74

Эл. пошта: pvarmenia@servier.com

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

ЛП-№(000575)-(РГ-RU)

ЛП-№000575-ГП-BY

ЛП-№(000575)-(ГП-KG)

ЛП-№(000575)-(ГП-AM)

9. АЛҒАШҚЫ ТІРКЕУ/ҚАЙТА ТІРКЕУ КҮНІ

Алғашқы тіркеу күні:

Ресей Федерациясында: 16.02.2022

Беларусь Республикасында: 04.10.2022

Қырғыз Республикасында: 02.12.2022

Армения Республикасы: 06.04.2023

10. МӘТІННІҢ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮНІ

Престанс дәрілік препаратының жалпы сипаттамасын Еуразиялық экономикалық одақ «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желісінің <https://eec.eaeunion.org> порталынан қарауға болады.

Дата утверждения 18.02.2026
ЛП-№000575-ГП-KZ от 18.02.2026